

«Бекітемін»

№41 «Назерке» бөбекжай - балабақша
МКҚК меңгерушісі


А.Е.Карабалина

« » 2025 жыл

Перспективалық жоспар

**№3 «Гүлдер» арнайы мектепалды тобы
2025-2026 оқу жылы**

Логопед: А.Ерланқызы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Топ: №3 «Гүлдер» арнайы мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, естуді дамыту. Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Дауыс екпінін түзету. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойыншық, жиһаздардың атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есім, сын есімдермен байыту. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Көптік жалғаулар арқылы жаңа сөз формаларын құрастыру. Зат есімдердің көпше-жекеше түрлерін ажырату. Тәуелдік жалғауын қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Суреттер бойынша сөйлем құрастыру. Мазмұнды суреттер бойынша әңгімелеу.
Қыркүйек	Дыбыстап айту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «А», «Ә», «У» дыбыстарын анық дыбыстауды, буын құрауды үйрету. Дыбыстарды сөзде анық, созып айтуды, дыбысты сөз ортасында табуды, ажыратуды үйрету. Артикуляциялық аппараттарының қимыл-қозғалысын дамыту. Жуан және жіңішке дыбыстарды естіп ажыратуын үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын «А», «Ә», «У» дыбыстары бар сөздермен кеңейту. Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Жеке дыбысты жіңішке дауысты дыбыстар қатарынан табу. Сөз ортасынан тауып ажырату. Дыбыстық талдауға бейімделу. Байланыстырып сөйлеу. Үлгі бойынша суреттер арқылы сөйлем құрастыру.

Сауат ашу негіздері

Дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру. «А», «Ә», «У» дыбыстарының қандай сөздерде болатынын сурет бойынша түсіндіру. Дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Жуан және жіңішке дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. Текшелер арқылы дыбыс орнын табуға дағдыландыру. Әріпті тиісті дыбысқа сәйкестендіру біліктеріне жаттықтыру.

Фонематикалық қабылдауын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

«Дауысты дыбыстар» түсінігін бекіте отырып, «А», «Ә» және «У» дыбыстарының әріптерінің бейнелерін ажыратуға үйрету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу тілі аппараттарының қимыл-қозғалыстарын, дыбыстың шашандығын ажыратуын дамыту.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Дауыс ырғағын өзгерту қабілетін дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Күз мезгілінің өзгерістерінің, көкөністердің, жемістердің, жыл құстарының атауын, сипаттамаларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есім мен зат есімді көптік жалғаулар тіркеу арқылы байланыстырып сөйлеуді үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Жалғаулар арқылы жаңа сөз формасын және «Ал» жалғауы арқылы сөйлем құруды үйрету.</p>
Қазан	Дыбыстап айту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «О», «Ө», «Т», «П», «И» дыбыстарымен таныстырып дыбысталу жолдарын, дыбысты сөздің басында дұрыс айтуды үйрету. Дыбыстың артикуляциясын анықтау.</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортада күнделікті жиі қолданылатын сөздерді дұрыс атауға үйрету.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Дыбыстардың айырмашылықтарымен ұқсастықтарын ажыратуды, қатаң дауыссыз дыбысты, дыбыстың сөздегі құрамын анықтауды үйрету. Талдау-жинақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кесте бойынша сипаттау арқылы әңгіме құру.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>Дыбыстарға мінездеме беруге дағдыландыру. «О», «Ө», «Т», «П», «И» әріптерімен таныстыру. Дыбыстардың әріптерін танып, ажыратуға үйрету. «Дауыссыз дыбыстар» түсінігін бекіте отырып, «Т» және «П» дыбыстарының әріпмен таныстыру. Дауыссыз дыбыстарды қайталау арқылы естерінде сақтау. Сөз қай дыбысынан басталатынын табуға үйрету. Дауыссыз дыбыстардың артикуляциясын анықтау, дыбыстарға мінездеме беру.</p> <p>Зейінін, фонематикалық есту қабілетін дамыту.</p> <p>«Сөз» түсінігімен таныстыру, дауысты және дауыссыз дыбыстардан сөз құрылатыны туралы түсінік бекіту.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу жүйелерін, тыныс алуын дамыту. Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Бейтарап дыбыстарды естіп-ажырату қабілеттерін дамыту.</p> <p>Сөздік қор. «Жоғары», «Төмен» сөздердің мағынасын түсініп, қарсы мәндес сын есімдерді қолдануды үйрету. Кеңістіктегі бағыттарды түсіну: үстінде, астында, қасында, артында т.б. «Қандай?» сұрағына жауап беруін дағдыландыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемді бірнеше толықтауыштармен толықтыру. Етістіктерді өткен шақ, осы шақ жұрнақтары арқылы өзгерту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Мазмұнды сурет бойынша әңгімелеу. Зат есім мен етістікті байланыстыруға дағдыландыру.</p>
Қараша	Дыбыстап айту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппараттарының қимыл-қозғалысын дамыту. «М», «Н», «Ң» дыбыстарының дыбысталуын, айтылуының ерекшеліктерін түсіндіру. Дауыс екпінін түзету.</p> <p>Сөздік қор. «М», «Н», «Ң» дыбыстары бар сөздерді дұрыс атауға үйрету.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Дыбыстарды буындардан, сөздердің ішінен ажырату. Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Есту арқылы дыбыстарға мінездеме беру. Естіп ажырату қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Суреттер бойынша зат есім мен сын есімді байланыстыруға дағдыландыру.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>Сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Дыбыстық талдау жасау арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін бекіту. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі дыбыстың орнын анықтауға дағдыландыру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға үйрету. Дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттықтыру. «М», «Н», «Ң» дыбыстарының әріптерімен таныстыру. Дыбыстарға мінездеме беруге дағдыландыру.</p> <p>Фонематикалық қабылдауын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Екі дыбыстың артикуляциясының қалпын, әріптердің бейнелерін ажырату.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс әуезділігін түзету. Тыныс алуын, сөйлеу тілі қимылын дамыту.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Ұян және қатаң дыбыстары бар буындарды ажырату қабілеттерін дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Туган жер, қала, көше туралы түсініктерін кеңейту. Ғимарат атаулары мен сипаттамасы бойынша сөздік қорларын байыту. Кеңістіктегі зат орнын дұрыс атауды қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есім мен зат есімді көптік жалғаулар бойынша тіркеу. Жатыс септік жалғауларын пайдалану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Сөйлем құрауда бірнеше мекен үстеуін қолдану. Сурет бойынша әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
Желтоқсан	Дыбыстап айту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «І», «Ы», «Д» дыбыстарының дыбысталуын, артикуляциясын таныстыру. Сөйлеу тілі мүшелерінің қимыл-қозғалысын, тыныс алуын дамыту.</p> <p>Сөздік қор. «І», «Ы», «Д» дыбыстары қатысты сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру, сөздік қорын кеңейту. Қарама-қарсы мәнді сөздерді қолдануға жаттықтыру.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Буынды жолақшаны қайталау. Ашық буындарға дыбыстық талдау жасау. «Ы» және «І» дыбыстарын дауысты дыбыстар қатарынан табу. Сөздің басындағы дауысты дыбысты ерекше созып, әндетіп айтуды қалыптастыру. Екі дыбыстың артикуляциясының қалпын ажырату.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Берілген сөздерді жалғау, жұрнақтар арқылы өзгерту жолдарын үйрету. Сурет бойынша толық сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>«І», «Ы», «Д» дауысты дыбыстарының әрпімен таныстыру. Дауысты дауыссыз дыбыстарға арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. «Ы-І» әріптерін ажыратып, әріптер арасынан табуға үйрету. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту дағдыларын бекіту. Сурет бойынша сөйлем құрастыруды, сөз ретін есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>Фонематикалық қабылдауын, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Берілген дыбысқа сөз құрау дағдыларын дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс ырғағын түзету. Дыбыс айтуын, саусақ, тіл қимылдарын дамыту.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Құстарды, жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарын еліктеуге үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Қыс мезгілі, жабайы аңдар, үй жануарлары, құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. «Қасында», «Ішінде» » атты үстеулерін дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есім мен зат есімді көптік жалғаулар бойынша тіркеуді, бір түбірлі сөздер құруды үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Тәуелдік жалғауының III жақ пен ілік септік жалғауларды тіркеуді, мнемокестелер бойынша сипаттама беріп салыстыруды, әңгімелеуді үйрету.</p>
Қаңтар	Дыбыстап айту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «К», «Қ», «Г» дыбыстарының дыбысталуын, артикуляциясын таныстыру. Сөйлеу тілі мүшелерінің қимыл-қозғалысын дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Сөздердегі дыбыстарды жіңішкелігі, жуандығы бойынша ажыратуды, берілген дыбыстар бойынша суреттерді табуды, тура және кері буындарға дыбыстық талдауды үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Суреттер кестесі бойынша сөздердің реттілігін сақтай отырып сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>«Дауыссыз дыбыстар» түсінігін бекіту. «К», «Қ», «Г» дыбыстарының әріптерімен таныстыру. «К» және «Қ» әріптерін ажыратуға үйрету. Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейінін дамыту. Сөзді дыбыстық сызбамен сәйкестендіруге үйрету. Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Фонематикалық қабылдауларын, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру.</p>

Анық	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу жүйелерін дамыту. Ұсақ моторикаларын жетілдіру. Дауыс ырғағын түзету.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Құстарды, жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарын еліктеуге үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Күнделікті өмірде қолданылатын бұйымдардың атаулары, қасиеттері бойынша сөздік қорларын кеңейту. Жалпы көліктердің, мамандықтардың түрлерімен таныстырып, сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімнің барыс септігін жекеше, көпше түрде дұрыс қолдана білуді қалыптастыру. Көптік жалғаулар арқылы жаңа сөз формаларын құрастыруға дағдыландыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Тақырыптық суреттер арқылы байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.</p>
Ақпан	Дыбыстап айту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «Ғ», «Х», «Һ» дыбыстарының дыбысталуын, артикуляциялық кескінімен таныстыру. Сөйлеу тілі дыбыстарын түзету.</p> <p>Сөздік қор. «Ғ», «Х», «Һ» дыбыстары бар сөз ойлап табуына назар аударатын, сөздік қорларын байыту.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Буындарда, сөздерде осы дыбыстарды ерекшелендіріп айтуға үйрету. Дыбысты сөздің басында екпін түсіріп айтуды қалыптастыру. Осы дыбыстарға байланысты сөздер табу, Сөзге дыбыстық талдау жасау. Байланыстырып сөйлеу. Тізбекті суреттер бойынша зат есім мен етістікті байланыстырып сөйлем құрастыруға дағдыландыру.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>«Ғ», «Х», «Һ» дыбыстарының әріптерімен таныстыру. Әріптердің ұқсастықтарын таныстырып, жазылуын ажыратуға үйрету. Дыбыстардың артикуляцияларын анықтау, дыбыстарға мінездеме және әріптердің бейнесіне сипаттама беруге жаттықтыру. Сызба бойынша буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру. Дауысты дыбыстар мен буынның байланысын түсіндіру.</p> <p>Фонематикалық қабылдауын, логикалық ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Суреттерден дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді тауып, сөйлем құрауға үйрету. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын дамыту.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тыныс алуын, сөйлеу тілі қимылын дамыту. Дауыс әуезділігін түзету.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Бір дыбыстан бір дыбысты және сөздің басындағы дыбысты ажыратуды үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Халық дәстүрі мен салттарының түрлерін атауды, сипаттауды қалыптастыру. Сөйлемді бірнеше анықтауыштармен (Жылы, көрікті, әдемі көктем келді.) толықтыру. Қарама-қарсы мәндес сөздерді қолдануға дағдыландыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есім мен зат есімді көптік жалғаулар бойынша тіркеуді қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Мнемокестелер бойынша сипаттама әңгімесін құрастыру. «Ал» шылауымен сөйлем құрастыру. «Үшін қажет» сөз тіркесімен сурет бойынша сөйлем құрастыру.</p>
Наурыз	Дыбыстап айту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «Ұ», «Ү», «Б», «Ф» дыбыстардың дыбысталуын, артикуляциялық кескінімен таныстыру. Дыбыстардың өзгешеліктерін ажырату.</p> <p>Сөздік қор. «Ұ», «Ү», «Б», «Ф» дыбыстары бар сөз, сөз тіркестерін ойлап табуына назар аударатырып, сөздік қорларын байыту.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Буындарда , сөздерде осы дыбыстарды ерекшелендіріп айту. Дыбысты ашық, жабық буында ажырату. Буынды жолақшаны қайталап айту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Суреттерге қарап сөз ретін есте сақтау арқылы зат есім мен етістікті байланыстырып сөйлем құрастыруға дағдыландыру.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>«Ұ», «Ү», «Б», «Ф» дыбыстарының әріптерімен таныстыру. Дыбыстардың артикуляциясын ажыратуға үйрету. Дыбыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тануға дағдыландыру. Сызба бойынша сөйлем құрауға. Сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру. Сөздердің жалпы атауын атауға, буынға бөлуге жағтықтыру.</p> <p>Фонематикалық қабылдауын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Сөйлемді мағынасына байланысты толықтыру дағдыларын қалыптастыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс ырғағын түзету. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, естуді дамыту.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Заттың белгілеріне сәйкес тануын, көптік жалғауларды қолдануын жетілдіру. Ыдыстар, көктемгі еңбек, егістік, ғарыш әлемі бойынша ойындар ойнау арқылы сөздік қорды дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есім мен сын есімді мағыналарына байланысты құрауға дағдыландыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Көптік жалғаулар арқылы жана сөз формаларын құрастыру арқылы сөйлем құрастыру.</p>
Сөйіп	Дыбыстап айту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «В», «С», «З» дыбыстарының дыбысталуын, артикуляциясымен таныстыру. Дыбыстардың айтылуын сипаттау.</p> <p>Сөздік қор. «Ұ», «Ү», «Б», «Ф» дыбыстары бар сөздерді атауға арналған ойындар арқылы балалардың сөздік қорларын молайту.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Сөздерде осы дыбыстарды ерекшелендіріп айтып, орнын табу дағдыларын қалыптастыру. Әр дыбысқа байланысты артикуляциясын ажырату.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Тізбекті суреттер бойынша зат есім мен етістікті байланыстырып сөйлем құрастыру.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>«В», «С», «З» дыбыстарының әріптерімен таныстыру. Дыбысқа сөз құрау арқылы сөздік қорларын жана сөздермен толықтыру. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру. Сурет бойынша сөйлем құрастыруды, сөз ретін есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>Текшелер арқылы дыбыс орнын табуға дағдыландыру. Әріпті тиісті дыбысқа сәйкестендіру біліктеріне жаттықтыру.</p> <p>Фонематикалық қабылдауын, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Сөйлем құрау, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу тілі аппаратының қимылын дамыту. Дауысы мен дұрыс тыныс алуын жетілдіру.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Есту зейінділігін, фонематикалық қабылдауын дамыту, балаларға сөздегі дыбыстарды естіп ажыратуға, сөйлемде керекті сөздерді дұрыс белгілеп үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Жаз туралы түсініктерін кеңейтіп, жаз мезгілінің ерекшелігін, қоршаған ортадағы табиғат өзгерістері туралы ойлары туралы сөйлеуге төселдіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлеу тілінде сын есімдерді қолдану. Зат есімнің септелуін меңгеру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогты сөйлеу тілін қалыптастыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.</p>
Мамыр	Дыбыстап айту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «Ш», «Ж», «Р», «Л» дыбыстарының дыбысталуын, артикуляциясының кестесімен таныстыру. Дыбыстың сөздегі құрамын анықтауды, бір сөзде кездесетін дыбыстарды анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөздік қор. «Ш», «Ж», «Р», «Л» дыбыстары бар жаңа сөздермен сөздік қорларын байыту.</p> <p>Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Дыбыстардың артикуляциясын, дыбысталуын естіп, дыбыстай отырып ажырату. Сөзге дыбыстық талдау-жинақтау жасау. Дыбысталуын, артикуляциясын көріп есте сақтау.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Суреттер кестесі бойынша сөздердің реттілігін сақтай отырып сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту. «Ш», «Ж», «Р», «Л» дыбыстарының әріптерімен таныстыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жағтықтыру. Берілген дыбыстар бойынша суреттерді табулы меңгерту. Сөздегі дыбыстың орнын табуға үйрету. Дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Фонематикалық қабылдауын, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Берілген сөздерді жалғау, жұрнақтар арқылы өзгерту жолдарын үйрету. Сурет бойынша толық сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту.</p>